

ӘРІПТЕСТЕРІМІЗ – ҮЗДІК КӨШБАСШЫ  
МҰНАЙШЫ ӘЙЕЛДЕР ҚАТАРЫНДА



3

ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРГЕ  
БАСЫМДЫҚ – БАСТЫ НАЗАРДА



4-5

15-ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА -  
ТЕҢГЕ КҮНІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН  
ҚАРЖЫГЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



7



# Embi ТЫНЫСЫ

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ КОРПОРАТИВТІ ГАЗЕТІ

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

ЖЫЛ  
30

№17 (81)  
ҚАРАША  
2021 ЖЫЛ

## БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

## 15 ҚАРАША - ТЕҢГЕ КҮНІ ЖӘНЕ ҚР ҚАРЖЫ САЛАСЫ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ



### ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасы - теңге күнімен құттықтаймыз!

Тарихи құжаттарға зер салсақ, 1993 жылдың 15 қарашасында егемен мемлекет - Қазақстан Республикасының төл валютасы –теңге айналымға енді. Содан бері бұл күн - Қаржы саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі және Теңге күні болып бекітілген еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Ұлттық валютаны шығару, теңгенің дүниеге келуі оңай болған жоқ. Қаржы жүйесі әлі толық қалыптасып үлгермеген де еді. Елде экономикалық - әлеуметтік салалардың дамуы үшін шикізат көзі тым тапшы болатын. Ол кезде барлық мәселелер бойынша біз әлі Ресей еліне тәуелді болғандығымыз баршаға аян. Ресей елінен тасымалданатын құнды қағаздарды айтпағанның өзінде, елімізде қажетті қаржылық инфрақұрылым қолға енді ғана алынып, қалыптасып та үлгермегендігі көптеген қиындықтар туғызған еді. Алайда, бұл уақытша проблемаларға қарамастан, Қазақстан мемлекеті айналысқа төл теңгесін шығару жөніндегі батыл

шешімге бел бұды. Сөйтіп, 1993 жылдың 12-қарашасында «Қазақстан Республикасының ұлттық валютасын енгізу туралы» Жарлыққа қол қойылды.

Содан бері 28 жыл уақыт араға із салды. Осы кезең ішінде төл ақшамыз – теңге талай өтпелі кезеңдерді артқа тастады. 1994-1996 жылдарда теңгеміздің қатты құнсыздануы да орын алды. Көптеген кәсіпорындар қаражаттың жоқтығынан жабылып, жұмысын тоқтатқан кездер де болғаны шындық. Жалақылар айлап кірілді, зейнетақы уақытылы берілмеді. Алайда, теңгеміз қанша құнсызданса да, инфляцияны жеңіп шықты. Бүгінде біздің төл валютамыз – теңгеміз әлемнің алпауыт елдерінің қаражатымен иық түйістіріп, әлем нарығында айналымда жүр. Бұл – егемен елдің әлемдік аренадан ойып тұрып өз орнын алғандығының нақ көрінісі.

Мереке құтты болсын, әріптестер! Еңбектеріңізге табыс, дендеріңізге мықты саулық тілейміз!

Ізгі тілекпен, «EmbiMunaigas» АҚ басшылығы



# ҚМГ-НЫҢ 2021 ЖЫЛДЫҢ ТОҒЫЗ АЙЫНДАҒЫ ӨНДІРІСТІК НӘТИЖЕЛЕРІ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ», «Компания»), Қазақстанның тігінен интеграцияланған ұлттық мұнай-газ компаниясы 2021 жылғы тоғыз айдағы өндірістік нәтижелерін жариялайды.

**2020 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 2021 жылдың тоғыз айындағы негізгі өндірістік көрсеткіштер:**

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2020 жылдың тоғыз айындағы 16 423 мың тоннамен салыстырғанда 15 923 мың тоннаны құрады;

Мұнай тасымалдау көлемі 2020 жылдың тоғыз айында 55 225 мың тоннамен салыстырғанда 55 727 мың тоннаны құрады;

Газ тасымалдау 12,0%-ға өсіп, 71 036 млн текше метрді құрады;

Қазақстан және Румынияның МӨЗ-інде көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі бір жыл бұрынғы 13 081 мың тоннаға қарағанда 7,7%-ға өсіп, 14 083 мың тоннаны құрады.

**Мұнай мен газ тасымалдау:**

2021 жылдың тоғыз айындағы мұнайды магистральмен және теңіз арқылы тасымалдаудың жалпы көлемі 0,9%-ға, 55 727 мың тоннаға дейін ұлғайды<sup>1</sup>.

Мұнай тасымалдау, мың тонна	2021 9А (100%)	2021 9А (ҚМГ үлесіне)	2020 9А (ҚМГ үлесіне)	%
ҚазТрансОйл	30 824	30 824	31 742	-2,9%
Қазақстан-Қытай құбыры	13 030	6 515	5 821	11,9%
МұнайТас <sup>2</sup>	3 047	1 554	1 199	29,6%
Каспий құбыр консорциумы	43 898	9 109	9 253	-1,6%
Қазақтеңізкөлікфлоты	7 726	7 726	7 210	7,2%
<b>Жиыны</b>	<b>-</b>	<b>55 727</b>	<b>55 225</b>	<b>0,9%</b>

бағытындағы көлемдердің ұлғаюының арқасында МұнайТас және Қазақстан-Қытай құбыры бойынша байқалып отыр.

	2021 9А (ҚМГ үлесіне)	2020 9А (ҚМГ үлесіне)	%
Мұнай өндіру, мың тонна	15 923	16 423	-3,0%
Газ өндіру, млн м <sup>3</sup>	5 811	6 173	-5,9%
Мұнай тасымалдау, мың тонна	55 727	55 225	0,9%
Газ тасымалдау, млн м <sup>3</sup>	71 036	63 448	12,0%
Мұнай өңдеу, мың тонна	14 083	13 081	7,7%

**2021 жылдың 9 айындағы өндірістік нәтижелер:**

Өндірістік көрсеткіштер егер өзгесі көрсетілмесе, бірлескен және қауымдасқан компаниялардағы ҚМГ-ның иелік ету үлесіне сәйкес және шоғырландырылған еншілес ұйымдар үшін көрсеткіштердің 100%-ы көрсетілген.

**Көмірсутек шикізатын өндіру:**

ҚМГ-ның мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 2021 жылдың тоғыз айында 15 923 мың тонна мұнайды (тәулігіне 436 мың баррель) құрап, өткен жылмен салыстырғанда 3,0%-ға азайып отыр. Ілеспе және табиғи газ өндіру көлемі 5,9%-ға, 5 811 млн текше метрге дейін төмендеді.

2021 жылдың тоғыз айында магистральды құбыржолдар арқылы мұнай тасымалдау көлемі 2020 жылмен салыстырғанда еш өзгеріссіз қалды және 48 002 мың тоннаны құрады. Бұл ретте ОПЕК+ келісімі шеңберінде жүк жөнелтушілердің мұнай өндіруді шектеу жөніндегі міндеттемелерді орындауы себебінен ҚазТрансОйл және Каспий құбыр консорциумы бойынша мұнай тапсыру көлемдерінің төмендеуі байқалады. Мұнайды магистральмен тасымалдау көлемінің ұлғаюы негізінен ішкі нарықта қажетті қайта өңдеу көлемін қамтамасыз ету үшін Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ) және Шымкент мұнай өңдеу зауыты (ПКОП)

**Көмірсутек шикізатын сату:**

ҚМГ өзі өндірген мұнай мен газ конденсатын сату көлемі 2021 жылдың тоғыз айында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 5,1%-ға азайды және 16 141 мың тоннаны құрады, оның 63,0%-ы экспортқа жөнелтілді.

Меншікті өндірілген мұнай мен газ конденсатының ішкі нарыққа жеткізілімі 5 956 мың тоннаны құрады, оның ішінде мұнайды одан әрі өңдеу және мұнай өнімдерін сату үшін Атырау мұнай өңдеу зауытына (АМӨЗ), ПКОП және ПМХЗ-ға 3 297 мың тонна көлемінде операциялық активтердің шикі мұнайының (Өзенмұнайгаз, Ембімұнайгаз, Қазактүрікмұнай және Өріктау Оперейтинг) жеткізілімі бар.

2021 жылдың тоғыз айында тауарлық газды сату көлемі 2020 жылдың тоғыз айымен салыстырғанда 0,2%-ға өсті және 15 523 млн текше метрді құрады. Тауарлық газдың экспорты 4 671 млн текше метрді құрады, оның 96%-ы Қытайға экспортталды. 2020 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда Ресей мен Қытайға газ жеткізудің қысқаруына байланысты газ экспорты көлемінің 21,3%-ға төмендегені байқалады.

[www.kmg.kz](http://www.kmg.kz)



## ТАҒАЙЫНДАУЛАР

# «МАҢҒЫСТАУМҰНАЙГАЗ» АҚ БАС ДИРЕКТОРЫ ТАҒАЙЫНДАЛДЫ



**«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен компанияның Бас директоры болып Дәулетжан Хасанов тағайындалды.**

Дәулетжан Кеңесұлы Хасанов 1971 жылы 21 қазанда дүниеге келді. Батыс Қазақстан облысының ауыл шаруашылығы институтын «экономист» мамандығы бойынша және Атырау мұнай және газ институтын «Тау-кен инженері» мамандығы бойынша тәмамдаған.

Еңбек жолын бас есепші ретінде бастаған. «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компаниялар тобында 20 жылдан астам еңбек етіп келеді. Әр жылдары «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС

және «Қаражанбасмұнай» АҚ жауапты басшылық лауазымдарда қызмет атқарды. «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ Бас директоры болып тағайындалғанға дейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Мұнай және газ өндіру департаментінің директоры лауазымында жұмыс істеді.

Ұжымның жаңа басшысын «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының орынбасары Жақып Марабаев таныстырды. Ол өз сөзінде соңғы үш жылда компания сыртқы келеңсіз факторлардың

ықпалына қарамастан, негізгі өндірістік көрсеткіштердің орындалуын қамтамасыз етіп, үздіксіз дамуын жалғастырғанын айтты. Айталық, өткен жылы өндіру жоспары артығымен орындалып, 5,9 млн тоннаны құрады.

Компанияның бұрынғы Бас директоры Лю Цзиньчэн 2018 жылдың қараша айында тағайындалған болатын.



## ФОРУМ

С.Өтебаев атындағы Атырау мұнай және газ университетінің Н.Балғымбаев орталығында Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығының 25 жылдығына және Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналған «Еңбегі жанған арулар» атты облыстық форум өтті. Форум жұмысына Атырау облысы Іскер әйелдер қауымдастығының мүшелері, облыстық, қалалық мәслихат депутаттары, облыс әкімінің жанындағы әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі комиссия мүшелері, жергілікті атқарушы органдар басшылары, Атырау қаласы мен аудан әкімдерінің орынбасарлары, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Форум жұмысына қатысушылар алдымен фотокөрмемен және қолөнер туындыларына арналған көрме жұмыстарымен танысты.

Ал, форумның ресми бөлімінде Қазақстанның Іскер әйелдер қауымдастығының атқарған жұмыстары баяндалып, марапаттау рәсімімен жалғасты. Онда еңбек пен отбасының тіршілігін, бала тәрбиесін шебер ұштастырып, табысты еңбектерімен ерекшеленген бір топ қыз-келіншектер Атырау облысы әкімінің Алғыс хатымен, сонымен қатар, түрлі ауыр кәсіптерде ер азаматтармен қатар еңбек ете жүріп, бақытын еңбектен тапқан әйел азаматшалар Атырау облысы Іскер әйелдер қауымдастығының Алғыс хатымен марапатталды. Жоғары марапатқа ие болған атыраулық нәзік жандылардың қатарында ембілік мұнайшы қыз-келіншектер де болды.

«Ембімұнайгаз» АҚ қарасты «Жылыоймұнайгаз» өндіру басқармасының слесарь инструментальшигі Аманова Майра Тәжмұханқызы, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Қошқар кен алаңының электрожабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету бойынша электромонтері Үмбетбаева Сәуле Елемесқызы облыстық форумда жоғары марапатқа ие болды. Әріптестерімізді марапаттарымен құттықтаймыз!

**Майра Аманова, «Жылыоймұнайгаз» өндіру басқармасының слесарь инструментальшигі :**

### ТЫҢ СЕРПІЛІС БЕРЕТІН ФОРУМ

Еңбегің бағаланып, үлкен мінбелерде жұрттың алдына шығып марапатқа ие болу адамға, соның ішінде қарапайым еңбек адамына үлкен серпіліс береді екен. Осы форумнан жақсы көңіл-күймен



қайттым. Мен - жастай қарапайым еңбекпен көзін ашқан, бар саналы ғұмырын бала тәрбиесіне, отбасының шырайын кіргізуге, табысты еңбек етуге арнаған қатардағы қазақ әйелінің бірімін. Еңбегім елеусіз емес. Ембілік мұнайшы қыз-келіншектердің атынан 8-наурыз - Халықаралық әйелдер күніне орай Елбасының қабылдауында болуым - өмірімнің ең бір жарқын беттері. Оған біраз уақыт болса да, дәл күні кешегідей көз алдымда.

Ал, өткен аптада облысымызда болған Форум жұмысы сол тамаша сезімімді толықтыра түскендей. Басқа салаларда табысты еңбек етіп жүрген өзге әріптестерімді көріп, олармен емен-жарқын болған әңгімелер маған үлкен әсер етті. Атырау облысының барлық аудандарынан келген қыз-

келіншектер, әсіресе, шаруасын шырқ айналдырып отырған кәсіпкер әйелдер осы форумда өздерінің қол жеткізген табыстарымен бөлісті. Маған ауыл шаруашылығымен айналысып келе жатқан нәзік жандылардың еңбегі ұнады. Олар өздері жетекшілік ететін шаруа қожалықтарының шығаратын өнімдері: балық, ет, сүт, шұжық түрлерін көрме жұмысына ұсынды.

**Сәуле Үмбетбаева, «Ембімұнайэнерго» басқармасының Қошқар кен алаңының электрожабдықтарды жөндеу және қызмет көрсету бойынша электромонтері:**

**БІР-БІРІМІЗДЕН ҮЙРЕНЕРІМІЗ КӨП**  
Осы Форумнан түйгенім біздерге, қарапайым еңбек адамдарына осындай

басқосулар өте жақсы әсер береді. Үнемі далада, соның ішінде ауыр еңбекпен айналысатын әйелдерге керек-ақ екен деген оймен қайттым. Әрине, «Ембімұнайгаз» АҚ-ның «Мұнайшы қыз» қыз-келіншектер клубының ұйымдастыруымен де осындай игі шаралар жүзеге асып отыратын. Соңғы кездегі пандемияға қатысты ембілік мұнайшы әйелдер арасында тәрбиелік мәні зор, адамның жан-жақты дамуына септігін тигізетін шаралар уақытша тоқтап тұр. Алайда, «Мұнайшы қыз» клубының жұмысы қайта қолға алынатынына сенімдіміз. Форумда өзінің еңбегімен, бизнесімен топ жарып жүрген бір топ қыз-келіншектер бас қостық. Ойымызды ортаға салдық. Бір-бірімізден үйренеріміз, аларымыз көп екен. Менің көзім соған жетті.

## РЕЙТИНГ

Жуырда Petrocouncil.kz Қазақстанның мұнай-газ саласын өркендетуге және COVID-19 – бен күрес бағытында саланың дамуына елеулі үлес қосқан көшбасшы әйелдердің ТОП-30 тізімін жариялады. Бұл тізімге түрлі мұнай-газ компанияларында және ұйымдарында еңбек ететін белсенді әйелдер кірді. Кандидаттарды мұнай-газ компаниялары басшыларынан, ардагерлерден және қоғам белсенділерінен құралған комиссия түрлі критерий бойынша таңдады.

Олардың қатарында «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры Гүлбану Әбутәліқызы ШАРАФЕТДИНОВА мен еңбекті және қоршаған ортаны қорғау департаментінің еңбекті қорғау бөлімінің бастығы Ақмарал Өтегенқызы БОХАЕВА бар.

Гүлбану Шарафетдинова өз қызметі аясында компанияның кадр саясатын іске асыру және кадр резервін қалыптастыруға ықпал етіп келеді.

2015 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-да "Дуалды оқыту"

## Әріптестеріміз – үздік көшбасшы мұнайшы әйелдер қатарында



пилоттық жобасын енгізуге белсенді түрде қатысып, отандық мұнай-газ саласы үшін қазақстандық мамандарды даярлауға үлкен үлес қосты.

Ақмарал Бохаева мұнай-газ саласындағы еңбек жолын 1993 жылдан бастап «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ мұнай дайындау және айдау цехының операторы болып бастады. 1997 жылдан бастап «Ембімұнайгаз» АҚ еңбекті қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласында жұмыс істейді.

Пандемия кезінде коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеу, аурулардың алдын алу бойынша белсенді еңбек етті. Осы жетістіктері үшін «Жыл қызметкері» номинациясы бойынша "Жыл үздігі-2020" атағымен лайықты марапатталған болатын.



Компания ішілік ахуалдың тұрақты болуы – табысты еңбекке апарар жолдың бірі. Бұл орайда, мәселенің басым бөлігі әлеуметтік жағдайға келіп тірелетінін белгілі.

Жұмысшылардың әлеуметтік жағдайын жақсарту бағытында «Ембімұнайгаз» АҚ басшылығы тарапынан зор қолдау көрсетіледі. Шешімін тауып, түйінін тарқатқан мәселелер де аз емес. Осы мәселелер төңірегінде атқарылып жатқан жұмыстарды қалың оқырманға жеткізу үшін Компанияның Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры Қуандық КАЛИДУЛЛИНМЕН сұхбаттасқан болатынбыз.

#### ӘЛЕУМЕТТІК ҒИМАРАТТАР ЖАҢАРТЫЛУДА

- Өңгімемізді өндіріс нысандарынан бастасақ. Әлеуметтік ғимараттардың құрылыс, күрделі жөндеу бағытындағы жұмыстарына тоқталып өтсеңіз...

- Өндірістен келген мұнайшы үшін ең бастысы – алдында дәмді және ыссы тағам мен жайлы демалыс орны күтіп тұрса – үлкен қамқорлық. Бұл мәселеге біз баса назар аударудамыз.

Жуырда «Қайнармұнайгаз» МГӨБ Ұаз кен орнында 30 орындық асхана ашылған болатын. Бүгінде бір ауысымда 15 адам жұмыс жасайтын осы кеніште 30 орындық модульдік жатақхана салынып жатыр. Ағымдағы жыл соңына дейін пайдалануға беру жоспарлануда. Бұған қоса, Солтүстік Жолдыбай кен орнында 20 орындық асхана құрылысы басталды.

Сондай-ақ, «Доссормұнайгаз» МГӨБ Шығыс Мақат кен орнында және «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап кен орнында жатын бөлмелерімен, медициналық пунктпен, демалыс орнымен, киім сақтайтын бөлмелерімен қамтылған модульдік жатақханалар пайдалануға берілді.

Сонымен қатар, бірқатар әлеуметтік нысандарға күрделі жөндеу жұмыстары жүзде. Атап айтсақ, олар – «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Забурин кен орнындағы 50 орындық асхана, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ Батыс Прорва кен орнындағы асхана және жатақхана, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ Жаңаталап кен алаңындағы 20 орындық №1 және №2 жатақханалар, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ «Каспий самалы» вахталық поселкесіндегі №1 жатақхана, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ «Қайнар» вахталық поселкесіндегі №4 жатақхана және Кенбай кенішіндегі №1 жатақхана.

Бұл бағыттағы жұмыстар алға қарай да жалғасын таппақ.

- Асхана демекші... Биыл жұмысшыларды ыссы және дәмді тағаммен қамту жұмысы процесіне де тың өзгерістер енгізілді – түскі ас кезінде фуршет столы дайындалып келеді...

- Иә, бұл жұмыс – мұнайшылар тарапынан оң бағалануда. Компания балансындағы 32 асхананың ішінде ең ірі саналатын 20 асханада түс мезгілінде фуршет дастарханы жайылады.

Бұған дейін асханаларда салаттардың, нан тағамдарының саны шектеулі болатын. Соған сәйкес, жұмысшылар тарапынан наразылық туындап жүрді. Енді фуршет столында салаттың – 4, соустың – 4 және нан өнімдерінің 2-3 түрі ұсынылуда. Мұнайшыларға берілетін тағамдардың сапасын анықтау және өзгерістер енгізу мақсатында жыл сайын сауалнама жүргізіліп отырады.

#### СУ – ТІРШІЛІК НӘРІ

- Өндіріс нысандарын толық ауыз сумен қамту – «Ембімұнайгаз» АҚ-ның алдындағы басты мақсаттарының бірі. Осы орайда, «Әлеуметтік нысандардағы ауыз су қазандарын жаңғырту» бағдарламасы жүзеге асуда. Қуандық Мәдениетұлы, бұл бағытта қандай жаңалықтар бар?

- «Ембімұнайгаз» АҚ қарасты өндірістік құрылымдық бөлімшелерде 100-ге тарта ауыз су сақтайтын қазан бар. Ауыз су осы қазандарға автокөлік немесе құбыр арқылы

толтырылып, тазартылып, жатақхана мен асханаға пайдалануға жіберіледі. Қазандардың көпшілігі жер астына көміліп, арнайы су сақтауға арналып жасақталмаған.

Биыл заман талабына сай жылытқыштары бар жаңа ауыз су қазандарын қондырып жатырмыз. Әр түрлі ауқымағы қазандардың жалпы саны – 46 дана. Бұл жоба санитарлық жағдайда таза ауыз суды тұтынуға мүмкіндік береді. Өйткені, бұл қазандар жердің үстінде орналасады және тазалауға ыңғайлы.

Бұл жұмысшылардың денсаулығын сақтаудағы, сапалы ауыз сумен қамтудағы жасалған тағы бір қадам деп білемін.

#### АРДАГЕРЛЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНАМЫЗ

- Компанияның ардагерлерін қолдау – дәстүрлі түрде жүзеге асып келетін іс. Бүгінгі таңда ардагерлерді қолдау мақсатында қандай жұмыстар жүзде?

- Қазіргі таңда Ембі өндірісіне ғұмырының сан жылдарын арнап, зейнеткерлікке шыққан 2 188 ардагеріміз бар. Соның



## ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕРГЕ



#### МҰНАЙШЫЛАР САУЛЫҒЫ – БАСТЫ НАЗАРДА

- Жұмысшылардың саулығы мен өмірі – Компанияның басты құндылықтарының бірі саналады. Осы орайда, жыл сайын қызметкерлерді медициналық тексерістен өткізу жұмысы жүреді. Нәтиже қандай?

- Иә, әсіресе, COVID-19 пандемиясы жағдайында бұл мәселеге ерекше көңіл бөлінді. Ең басты мақсат – жұмысшылардың саулығын сақтау, қауіпсіз орта қалыптастыру. Осы орайда, биыл жүргізілген келіссөздер нәтижесінде «Интертич» ЖШС Владимирская, 103 мекен-жайындағы бөлек клиника ғимаратын ЕМГ жұмысшыларын міндетті медициналық тексеруден өткізу үшін арнайы берді. Қазіргі таңда компания қызметкерлері аталған клиникада медициналық тексеруден өтуде.

Сұрағыңызға нақты жауап берер болсам, 2020 жылғы ЕМГ жұмысшыларын медициналық тексеру нәтижесінде қызметкерлердің ауру деңгейі 2019 жылмен салыстырғанда 30%-ға өскені байқалды. Яғни, екі кезеңнің көрсеткішін салыстыратын болсақ, денсаулығы бойынша 1788 адам тағы да есепке алынған. Бұған әлемді жайлаған коронавирустық пандемияның зардабынан қызметкерлердің иммунитеті төмендегені де себеп болуы мүмкін.

Ал, биыл 4862 адамның 98,8% медициналық

тексеруден өтті. Қолда бар деректерге сәйкес, тағы 618 адамнан алғаш рет ауру көрсеткіштері байқалып отыр. Соның ішінде, 141 адамда жүрек-қан тамырлары ауруы, 113 адамда қант диабеті, 602 қызметкерде көз ауруы, 48 адамда – тері ауруы, 210 адамда – эндокриндік жүйе ауруы, 456 адамда – ішек-асқазан аурулары анықталып отыр.

Айта кетер жаңалық, жуырда «Интертич» ЖШС-мен қызметкерлер мен сақтандырылған отбасы мүшелері үшін COVID-19бен ұқсас белгілері бар ауруды емдеуге қосымша шарт жасалды. Мұндай жағдайларда 2 терапевт дәрігері, жедел жәрдем көлігі және медбикелері бар жеке клиника ембіліктер үшін қызмет көрсететін болады.

#### САЛАУАТТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

- Өңгіме арнасын, жұмысшылардың демалыс, бос уақытын тиімді ұйымдастыру мәселесіне кері бұрсақ. Жұмысшылар арасында салауатты өмір салтын қалыптастыру, спортты насихаттау бағытында бірқатар шаралар жүзеге асып жатқанынан хабардармыз. Нақты айтып өтсеңіз...

- Қызметкерлеріміздің арасында спортты жанына серік еткен әріптестеріміз де аз емес. Осы орайда, әр жатақханада тренажер, бильярд залдары, футбол, волейбол алаңдары жұмыс жасап тұр.

Бұған қоса, ембілік қызметкерлердің демалыс уақытын оңтайлы ұйымдастыру мақсатында Х.Доспанова атындағы мұз сарайы әр жексенбі күні сағат 14.45-15.45 аралығында жұмыс жасап келеді. Мұз айдынында конькимен сырғанауға қызметкерлерге отбасы мүшелерімен келуіне де рұқсат етілген.

Сондай-ақ, футбол, волейбол, баскетбол ойнаймын деген әріптестерімізге әр сейсенбі күні 20.30-22.30 сағат аралығында «Атырау» дене шынықтыру және сауықтыру кешеніне (Қ.Смағұлов көшесі, 5А мекен-жайындағы – ред.) келуге болады. Ал, әр бейсенбі күні 21.00-23.00 уақыт аралығында «Береке» аренасына (Береке ш/а, 1 көше, 34 – ред.) келіп, футбол ойнауға болады.

Жалпы, айта кетейік, «Ембімұнайгаз» АҚ қызметкерлерінен құралған кіші футбол командасы облыстағы футбол жанкүйерлеріне жақсы таныс. Команда 2012 жылы құрылып, содан бері түрлі облыстық, республикалық, халықаралық турнирлердің, сондай-ақ, «ҚазМұнайГаз» ҰК» АҚ қызметкерлері арасындағы спартакиаданың жүлдегері және жеңімпазы атанды.

Дәстүрлі түрде Компанияға қарасты өндірістік бөлімшелер арасында спартакиада өтіп тұрады. Биыл желтоқсан айында ҚР Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай спорттың 6 түрінен спартакиада ұйымдастыру жоспарлануда.

#### ЖАС МАМАНДАР КЕҢЕСІНДЕ – ЖАҢА ТӨРАҒА

- Компанияның «Жас мамандар кеңесі» 2013 жылы Ембінің басқару аппараты мен барлық өндірістік құрылымдық бөлімшелерінде құрылды.







## БАСЫМДЫҚ - БАСТЫ НАЗАРДА

**Қазіргі таңда ұйымның жұмысы туралы айтып өтсеңіз...**

- «Ембімұнайгаз» АҚ-ның Жастар саясаты жас мамандардың кәсіби және интеллектуалдық потенциалын арттыру, шығармашылық белсенділігін дамыту үшін сапалы және тиімді мүмкіндіктерді ашуға бағытталған.

Бүгінгі таңда «Ембімұнайгаз» АҚ-да 5000-ға жуық қызметкер еңбек етсе, 500-ға жуығын 34 жасқа дейінгі жас мамандар құрайды. Мұның өзі Компанияның ұрпақтар сабақтастығы және отандық мұнай-газ саласына бәсекеге қабілетті мамандар даярлау мәселелеріне баса назар аударытынын аңғартады. Жыл сайын Кеңес мүшелері Компанияның дамуына атсалысып қана қоймай, әлеуметтік, қайырымдылық, мәдени-көпшілік шараларға да белсене араласып келеді.

Биыл Компанияға қарасты өндірістік бөлімшелердің Жастар кеңесі жетекшілерінің таңдауымен еңбекті қорғау бөлімінің еңбекті қорғау және техникалық қауіпсіздік жөніндегі инженері Жанбақыт ДӘУІТОВ көпшілік дауыспен ЕМГ Жас мамандар кеңесінің төрағасы болып сайланды.

Өздеріңіз білесіздер, келер жылы мұнайлы Ембі тарихында елеулі жыл. «Ембімұнайгаз» АҚ 100 жылдығын атап өтеді. Аталған Кеңес бұқаралық және мәдени-көпшілік шараларын ұйымдастыруға атсалысады. Кеңестің 2022 жылға арналған жұмысының басты бағыты осы мақсатта айқындалды.

Кеңестің жаңа төрағасына сәттілік тілейміз!

**-Сұхбатыңызға рахмет!**



**Құрметті «Ембімұнайгаз» АҚ және Қоғам аумағында қызмет көрсететін мердігер мекеме қызметкерлері!**

**"Ембімұнайгаз" АҚ-да "СЕНІМ ТЕЛЕФОНЫ"**  
желісі жұмыс жасайды.

**Сіздің әлеуметтік бағытта сұрағыңыз, пікіріңіз, ұсынысыңыз, шағымыңыз болса хабарласыңыз (хабарламалар құпия қарастырылады).**

**WhatsApp: 8 771 002 68 95**

**K.Kalidullin@emg.kmger.kz**

**Калидуллин Қуандық Мәдениетұлы**

**Әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры**

**Ескерту:** Жолданған хабарламаға қызметкер - жағдай орын алған нысан, өндіріс орнының атауын көрсетуге сұралады.



**ЖҰМЫСШЫҒА  
АЙЛЫ  
АҒДАЙ ЖАСАУ  
АЛҒАСЫН ТАБУДА**

**«Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс орындарында жұмысшыларға қолайлы жағдай жасау мақсатында жаңа типті әжетханалар салына басталды.**

Жылыту үшін қабырғаға орнатылатын электр конвекторлар, жуынатын раковина мен қол кептіргіш қондырғы, энергия үнемдегіш жарық шамдарымен қамтылған әжетханалар газоблок тастан салынуда. Құрылыс жұмыстары «Өндірістік-техникалық қамту және жабдықтармен комплектациялау» басқармасы жұмысшыларының күшімен атқарылуда.

- Компания басшылығының тапсырмасымен, бастапқыда, осындай 90 нысан салу жоспарланған. Биылғы жоспарланған 20 әжетхананың құрылысы дайын бола келуде. Атап айтсақ, «Жылыоймұнайгаз» мұнай-газ



өндіру басқармасының Прорва кен орнына, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ-ның Молдабек, Қотыртас кен орындары мен Кенбай вахталық қалашығына, «Доссормұнайгаз» МГӨБ-ның Шығыс Мақат кен орнына, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ-ның С.Балғымбаев кен орнына бес-бестен жаңа әжетхана салынды. Алдыңғы кезекте қай кен алаңдарына қажеттілігі бар жөніндегі сұранысты өндірістік басқармалардың өздері ұсынды. Әжетханалар далалық аймақта орналасқандықтан, электр жүйесін тарту жұмыстарын «Ембімұнайгаз» басқармасы жүргізуде, - дейді ӨТҚЖЖК басқармасының бастығы Бек КАРАКУШИКОВ.

Нысандардың ерекшелігі жыл бойы пайдалануға болады. Яғни, Атырау өңірінің төрт мезгіл бойғы климаттық жағдайына бейімделген. Сонымен қатар, әжетхана терезелеріне де басқарма дайындайтын пластикалық өнімдері қолданылған.

Әжетханалар кез келген жұмысшы үшін қолжетімді болады. Атап өту керек, бұл, ең алдымен, жұмысшылардың жайлы жағдайы үшін қолға алынған жоба. Жұмысшылар жұмыс уақытында өзге мәселелерге алаңдамауы тиіс. Сондықтан, оларды санитарлық нормада таза ұстау – әр адамның жауапкершілігінде.

Басқарма қызметкерлерінің айтуынша, жалпы компания бойынша осындай 240 әжетхана салу жоспарда бар. Яғни, бұл бағыттағы жұмыстар келесі жылы да жалғасын таппақ.







# Ембіліктер Мәскеудегі интеллектуалды ойында бақ сынасты

**Ембілік жас мамандар Мәскеу қаласында өткен «Нефтяная сова» («Мұнайлы үкі») халықаралық интеллектуалды ойынына қатысты.**

Аталған интеллектуалды жарыс 2017 жылдан бері дәстүрлі түрде жыл сайын өтіп келеді. Ембілік мамандар бұл халықаралық білім додасында тұңғыш рет бақ сынасып отыр. «Ембі» («Эмба») командасының сапында Ерлан МҰҚАНОВ, Ерлан ТӘЖІҒАЛИЕВ, Адэлия ҚАРИМОВА, Артүр ДІНҒАЛИЕВ, Нұрқайрат БОЙЖАНОВ, Серік ШЫҒАНОВ және Айгүл ЕРТАЕУОВА ЕМГ намысын қорғады.

Айта кетейік, И.М. Губкин атындағы Ресей мұнай-газ мемлекеттік университеті базасында ұйымдастырылған биылғы жарысқа Ресейдің әр өңірінен және алыс-жақын шетелдерден барлығы 100-ге жуық команда қатысты. Бас жүлде - ішіне мұнайы толтырылған үкі формасындағы хрустальды шыныны ұтып алу командалар үшін оңайға соқпады. Өйткені, сұрақтарға жауап беру қатысушылардан мықты эрудициямен қатар, жедел ойлануды, нақтылықты, жауаптың толықтығын және жан-жақты білімді талап етті.

Сұрақтардың басым көпшілігі жалпы логикалық бағыттағы әртүрлі салаға қатысты болды. Ойын шарты бойынша командалар 36 сұрақтың әрқайсысына 1 минут ішінде жауап беруі тиіс еді. Үш сағатқа созылған тартысты білім бәйгесінің нәтижесінде «Ембі» командасы ойынның жартылай кезеңіндегі 40 команданың құрамына ілікті.

Бұған қоса, ребустарды шешу туралы ембілік команда 41 тапсырманың 38-іне дұрыс жауап берді. Сөйтіп, бұл турда кестеде екінші болып тұрды.

Мұндай білім додалары жас мамандардың

интеллектуалдық ой-өрісін дамытумен қатар, тез және жан-жақты ойлануға, кәсіби біліктілігін арттыруға үлкен септігін тигізеді дейді жарысқа қатысқан әріптестеріміз.

- Мұнай-газ саласының жас мамандары арасында «Нефтяная сова» IV Бүкілресейлік интеллектуалды ойынында 35 жасқа дейінгі жас мамандардан құралған 100-ге жуық команда қатысты.

Мұнаймен толтырылған хрустальды үкі үшін бәсеке өте жоғары болды. Командалардың көбі бұл жарысқа бірнеше жыл бойы қатысып, біраз шыңдалып қалған. Сәйкесінше, сұрақтардың бағытынан, форматынан хабардар болды. Ал, біз үшін бұл жарыс - дебютті сын. Командамыздың құрамында әр сала мамандары болды, дегенмен, біз бір команда болып ұйысып, мұнай-газ саласы бағытындағы біліміміз бен біліктілігімізді сәтті дәлелдей білік деп ойлаймын.

Ойынға дайындық барысында біз әр түрлі аспектілер бойынша: әлемдік мұнай-газ саласының тарихы, кәсіби мамандығымыз және «Не? Кайда? Қашан?» интеллектуалды ойынындағы логикалық сұрақтар бойынша дайындалдық.

Халықаралық ойын күрделі болғанымен, қызықты өтті. Осы орайда, халықаралық додаға қатысуға қолдау білдірген ЕМГ компаниясының басшылығына алғыс білдіреміз. Бұл - біз үшін үлкен тәжірибе жинау алаңы болды!, - дейді «Ембі» командасының капитаны Ерлан МҰҚАНОВ.

Қатысушылар ең күрделі болған сұрақ «қара жәшікте» жасырынған затты атайды. «Иллюминатор төртбұрышты болғандықтан, көптеген ұшақтар апатқа ұшырады. Кейін бір зерттеуші төртбұрышты иллюминатордың жұралығы мен сынғыштығын «қара жәшікте» жасырынған затқа теңестірген. Бұл не?» Сұрақ жауабы - шоколад плиткасы. Тек бір команда ғана сұрақтың жауабын дұрыс көрсетті.



Жалпы, ойын жоғары деңгейде өтті. Бұл орайда, ұйымдастыру жұмысы мен қазылардың әділетті бағалауын атап өткен жөн.

Ембілік жас мамандар жинаған тәжірибелерімен өз әріптестерімен бөлісу мақсатында компания ішінде де осындай интеллектуалды жобаларды жүзеге асыруды жоспарлап отыр.





# 15-ҚАРАША - ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА - ТЕҢГЕ КҮНІ ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН ҚАРЖЫГЕРЛЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ

**Асылбек Джумабаев, «Ембімұнайгаз» АҚ қазынашылық қызметінің жетекші аналитигі:**

Бүгінде Компанияның қаржы жүйесінің жұмысын реттеуде өз мамандығының майталмандары, кәсіби білікті мамандары отыр деп үлкен сеніммен айта аламын. Қаржы саласында ұзақ жылдар қызмет етіп, мол тәжірибе жигандармен қатар осы жүйеге енді ғана үлесін қосып жатқан жас мамандардың әр қайсысы өз кәсібінің шеберлері.

**Мәли Бексеитов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу және есептеу бөлімінің басшысы:**

Менің Компанияның қаржы саласында еңбек ете бастағаным тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдар. Сол себепті, өзге әріптестерім айтып отырған алғашқы қиындықтар туралы біз тек кейіннен естіп, біліп жүрміз.

Менің айтпағым, кешегі пандемия кезінде қаржы жүйесінде орын алған қиындықтар туралы. Әлем елдерін қатты алаңдатқан коронавирус індеті кезінде көптеген

нұсқа деген қағидамен жүретін орта. Біздер, қаржыгерлер күнделікті жұмыс барысында осы қағидамен жүреміз. Біздің күнделікті жұмысымыздан тұтас ұжымның қаржылық жағдайы реттеліп отырады. Бұл - түсіне білген адамға үлкен жауапкершілік.

**Дәулет Сарсембаев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының есептеу және есеп жүргізу тобының жетекшісі:**

Мен тәуелсіздіктің алғашқы кездегі

толық қосылып, осы жерде бүгінгі айтулы мерекеге орай бір деректерді назарларыңызға ұсынғым келеді. Бәлкім қажеттеріңізге жарап қалар, бұл деректерді біреу білсе, біреу білмес деген ойдамын.

Сіз білесіз бе? 1992 жылдың 27-қарашасы күні Ұлттық банк басқармасы теңге купюрасының үлгілерін бекіткен соң, ертесіне қазақ валютасын өмірге келтірген суретшілер Тимур Сүлейменов, Меңдібай Алин, Ағымсалы Дүзелханов, Қайролла



**Асылбек Джумабаев, «Ембімұнайгаз» АҚ қазынашылық қызметінің жетекші аналитигі**



**Рысты Ибраева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің басшысы**



**Мәли Бексеитов, «Доссормұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу және есептеу бөлімінің басшысы**



**Айгүл Жарылғасова, «ӨТҚЖК» басқармасы экономика тобының жетекшісі**



**Дәулет Сарсембаев, «Ембімұнайэнерго» басқармасының есептеу және есеп жүргізу тобының жетекшісі**



**Сәнгүл Калиева, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің басшысы**



**Ағабек Үмбеткалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу және есептеу бөлімінің басшысы**

Компанияның қазынашылық жұмысы еліміздегі барлық банктермен қарым-қатынас ұстап, екі аралықтағы қаржылық операцияларды шебер ұйымдастырып отырумен ұштасады. Қаржылық тәуекелдер



мен операциялық шығындарды азайту мақсатында компанияның қаржылық жұмыстарының қиындықтарға ұшырамауын үнемі назарда ұстап отырамыз. Сонымен қатар, әлемдік қаржы қозғалыстары да бақылауда. Бұл іс-шаралар «Ембімұнайгаз» АҚ-ның жалпы қаржы саласының жұмысын жандандырудағы маңызды қадамдар деп айтар едім.

**Рысты Ибраева, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің басшысы:**

90-жылдардың бас кезіндегі қаржы дағдарысын мен өз көзіммен көрдім. Ол кезде осы салада еңбек етіп жүрген едім. Бірнеше айлап айлығымызды ала алмай, жалақы орнына бартер жүрген кездерді де басымыздан өткердік. Теңгеміз құнсызданып, қолымызға әзер деп тиген ақшамыздың салмағы да болмаған кездер де болды. Шыдадық, қызметімізді жалғастыра бердік. Сол кезде тәуелсіздіктің алғашқы кезіндегі өтпелі кезең екенін бәріміз де түсіндік. Қаржы дағдарысы болған кездерде компанияның бар қаражатын ысырапқа салмай, қолда барды үнемдей білгендер – алдымен қаржыгерлер болғанын бүгінде мақтанышпен еске аламын.

елдердің экономикалық-әлеуметтік дамуында толықтай тоқырауға ұшырағаны рас. Нарықтағы қаржылық тұрақсыздық біздің жұмысымызға жағымсыз әсерін тигізді. Бірақ, біз компанияның төлем қабілеттерін толықтай сақтап қала алдық. Қызметкерлерге жалақыны кідіртпей уақытылы төлеп отырдық. Бұл да басшылық тарапынан жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу мен ұжымның ауыз біршілігінің нәтижесінде жүзеге асқан тиімді шаралар дер едім.

**Айгүл Жарылғасова, «ӨТҚЖК» басқармасы экономика тобының жетекшісі:**

Біздің компанияда әр саланың мамандары бір ұжымда тату-тәтті еңбек етіп келе жатқанын жоғары бағалаймын. Осындай ауызбіршілігі орнаған ортаның бірі - Компанияның қаржы саласының ұжымы. Барлық жұмыстың өзіндік қиындығы, өзіне тән ерекшеліктері бар. Сол саланың жұмысы мамандардың ынта-жігеріне, жұмыс істеу қабілеттеріне байланысты дамиды. Біздің қаржы жүйесі өте нақтылықты, тап-тұйнақтай жинақылықты, мұқият болуды талап ететін бағыт. Себебі, біз ақшамен жұмыс істейміз. Ақша жүрген жер – көп сөзді көтермейтін, тек қысқа да

қиындықтарды бала болсам да білемін. Ата-анамның әңгімелерінен есімде қалғаны көп. Әсіресе, қаржы саласындағы қиындықтар сол кезде әрбір отбасына қатты қиындығын тигізді. Бала болсам да ата-анамның айлықтарын ала алмай, үйге ақшаның орнына азық-түлік, киім-кешек әкеліп жүргендері есімде сақталыпты. Бартер деген сөзді сол кезде алғаш рет естігенім бар.

Кейін өзім де осы қаржы саласына қатысты жоғары оқу орнын бітіріп, туып өскен жерімдегі іргелі ұжым- «Ембімұнайгаз» АҚ-на жас маман болып еңбек жолымды бастадым. Мен жұмысқа орналасқанда компанияның қаржы жүйесі өз істерінің білікті мамандары бас қосқан мықты сала болатын. Мен әріптестерімнен көп нәрсе үйрендім, өмірлік тәжірибе жидым. Бүгінде өзім де бір басқарманың қаржы саласын басқарып отырмын. Әр кез сол алдыңғы буын әріптестерім айтқан кеңестерді есіме алып отырамын. Ең бастысы, осы мамандықты жан-жақты меңгеруге және өз ісіме аса мұқияттықпен қарауға тырысып бағамын.

**Сәнгүл Калиева, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ экономика бөлімінің басшысы:**

Мен әріптестерімнің барлық айтқандарына

Әбжалеловтар Англияға аттанып кетеді. Себебі, біздің ұлттық валютамыз Англияның атақты әрі ең көне «Хариссон және оның ұлдары» деген банкноттық фабрикасында басылып шыққан еді. Еліміздің Ұлттық банк бастапқыда 1 теңгені сол кездегі мың рубльге бағалағанын бәріміз біле бермеспіз. Білгендер де естен шығарып үлгерген шығар. Тағы бір мәрте еске салсам артық болмас. Алғашында осылай бекітілген теңге деңгейі кейін елдегі әлеуметтік жағдайды ескеріп, 1 теңге 500 сом болып қайтадан бекітілді. Теңге алғаш айналымға енген күні 1 доллар 4,75 теңге болған екен.

1994 жылы қағаз тиындардың орнына жезден жасалынған 2.5.10.20 және 50 номиналды монеталар шықты. Ұлттық валютамыз банкнот және монета түрінде айналымға енгізілді. Банкнот – Ұлттық Банктің Алматы қаласындағы Банкнот фабрикасында, ал, монета - Өскемендегі Монета сарайында шығарылды.

**Ағабек Үмбеткалиев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ есеп жүргізу және есептеу бөлімінің басшысы:**

ТМД елдері арасында біздің елдің қаржы жүйесі алда келе жатқанын ерекше айтқым келеді. Біздің ел бірінші болып зейнетақы реформасын енгізді. ТМД елдері аумағында өз банкнот фабрикалары бар елдер де санаулы, сол аз елдің қатарында болғандығымыз біраз мәселеден хабар бермей ме?!

Алғашында өзге елдің аумағында шығарылған теңгеміз бүгінде өз еліміздегі фабрикада шығарылуда.

Осы жерде тағы жоғары мән бере айтқым келгені, бүгінде депозит салымшыларының көпшілігі жинақтарын ұлттық теңгемен сақтауда. Ондай салымшылардың қатары 70 пайыздан асып отырғанын мақтанышпен айту керек шығар. Бұл ұлттық теңгеміздің қаржы жүйесінде тұрақтанғанын білдірмей ме?

Әріптестер, ортақ мерекеміз құтты болсын. Сіздерге табысты еңбек, деннің саулығын, отбасының амандығын тілеймін!



# Жылы лебіздер ақтарылған күн

**«Ембімұнайгаз» АҚ акт залында белгілі мұнайшы, мұнай және газ өндіру қызметінің жетекшісі Мейрам Андировтың мерейлі 63 жасқа толуына орай зейнеткерлікке шығарып салу салтанаты өтті.**

Мейрам Сабышұлының еңбек жолы сонау 1970 жылдардың соңында Ембі өндірісінде қарапайым жұмысшылықтан басталып, кейін әр деңгейдегі лауазымды қызметтерді үлкен жауапкершілікпен атқаруға ұласты. Қырық жылға жуық еңбек өтілінде біршама жауапты қызметтерді абыроймен атқара білді. Бұрғышының көмекшісі, оператор, өндіріс шебері, өндірісті жедел басқару бөлімі басшысының орынбасары, жетекші инженер-технолог, бас технолог, қызмет жетекшісі, бөлім бастығының орынбасары, департамент директорының орынбасары, бөлім бастығы қызметтерін атқара жүріп, мамандығының қыр-сырын шебер меңгерді. Мұнайшы деген қызығы мен қиындығы қатар жүретін мәртебелі мамандықтың биігінен көріне білді. Өзінен кейін ізбасарларын дайындап, тәлімгер ретінде де салада айшықты қолтаңбасын қалдырды.

Шара барысында ЕМГ Бас технологы Марат Елеусінов мерейлі жас иесін компания



басшылығының атынан құттықтап, Құрмет грамотасын табыстады.

Сонымен қатар, «Жылыоймұнайгаз» МГӨБ бас инженері Ерлан Қондыбаев, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Бағдат Ниязғалиев, «Доссормұнайгаз» МГӨБ бастығының геология және кен орындарын игеру жөніндегі орынбасары Рүстем Әбшеев, «Қайнармұнайгаз» МГӨБ бастығы Қайнар Коданов, «Ембімұнайгаз» АҚ Орталық басқару аппараты Кәсіподақ комитетінің төрағасы Болат Нсанбаев және тағы

басқалар құттықтап, Мейрам Сабышұлының өнегеге толы өмір жолына тоқталды, еңбек еткен жылдарын еске алды.

Сонымен қатар, өмір жылдарынан сыр шертетін бейнебаяндар көрсетіліп, ақжарма ақ тілектер айтылды. Ән айтылып, күй күмбірледі.

Ұзақ жылғы бейнеті мол еңбектің зейнетін көретін шаққа абырой биігінде жеткен Мейрам Андиров жиын соңында өзіне көрсетілген құрметке алғыс білдірді.

Компания ұжымы Ембі өңірінде ел игілігі үшін ұзақ жылғы табысты еңбегі үшін Мейрам Сабышұлына алғыс айтып, зейнеткерлік жасқа шығуымен құттықтайды.



**Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ**

**Шығарушы: ұйымдастыру бөлімі  
Бас редактор: А. Ертлеуова**

Газет ҚР Ақпарат және коммуникация министрлігінің Ақпарат комитетінен мемлекеттік тіркеуден өтіп, 2018 жылғы 23 желтоқсанда N17430-Г қуәлігі берілді.

Газет айына 2 рет шығады.

**Таралымы – 3500 дана.**

**Редакцияның мекен-жайы:** Атырау қ. Ш. Уәлиханов көш., 1.

**Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:**

Ғ.Қаражанова – 8 (7122) 99-34-21; 21-121.

G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – 8 (7122) 99-32-09, 21-309

A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

**Баспахана:**

«Print House Geron» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы қ., Қ. Сәтпаев көш., 30А/3,

Х. Ерғалиев жағалауы бұрышы, 124 кеңсе.

Тел: +7(727) 250-47-40, 398-47-39.

**РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС:**

**К. Қасымғалиев** - Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары;

**Р.Тасмағамбетова** - Басқарма төрағасының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары;

**Г.Шарафетдинова** - қызметкерлерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

**Т.Сәрсенов** - мұнай және газ өндіру департаментінің директоры;

**Қ.Қалидуллин** - әлеуметтік саясат және әкімшілік қамтамасыз ету департаментінің директоры;

**Ж.Мұханғалиев** - өнеркәсіп қауіпсіздігі бөлімінің бастығы;

**Ғ.Қаражанова** - ұйымдастыру бөлімінің жетекші маманы;

**Ж.Дәуітов** - "Жас мамандар" кеңесінің төрағасы.